

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар Кеңесінің
2024 жылғы «03» мамырдағы
№7 хаттамасына
№ 6 Қосымша

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «03» мамырдағы
(№ 7 хаттама) шешімімен
«Бекітілген»

**«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының
тәуекелдерді басқару саясаты**
*Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 13 наурыздағы шешімімен (№13
хаттама) бекітілген №1 өзгерістерді ескере отырып*

Астана қ., 2024 ж.

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер.....	4
2-тарау. Негізгі ұғымдар.....	5
3-тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі принциптері.....	6
4-тарау. Ішкі орта.....	6
5-тарау. Тәуекелдерді басқару процесіне қатысушылардың функциялары.....	8
6-тарау. Мақсаттарды және тәуекел-тәбетті анықтау.....	15
7-тарау. Тәуекелдерді сәйкестендіру.	16
8-тарау. Тәуекелдерді жіктеу.	17
9-тарау. Тәуекелдерді бағалау.....	19
10-тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалаудың ішкі критерийлері....	20
11-тарау. Тәуекелдерді басқару.....	20
12-тарау. Бақылау іс-қимылдары.....	23
13-тарау. Ақпарат және коммуникация.	24
14-тарау. Мониторинг.....	24
15-тарау. Тәуекел-мәдениет.	25
16-тарау. Қорытынды ережелер.	26
Қосымша (Тәуекел-тәбет нысаны)	27

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	Тәуекелдерді басқару саясаты
ІНҚ иесі	Тәуекел-менеджмент департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру бойынша іс-шаралар	ІНҚ «Ішкі портал» желілік дискісіне орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы тарату

1-тарау. Жалпы ережелер

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 13 наурыздағы шешіміне (№13 хаттама) сәйкес мәтін бойынша «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ атауы «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ болып ауыстырылды.

1. Осы «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты (бұдан әрі – Саясат, Қоғам, ЭКА) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне, оның ішінде Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің 2024 жылғы 29 наурыздағы №160-НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ резервтерді қалыптастыру және олар бойынша актуарлық есептеулер жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – ТБЖ бойынша НҚА), «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ (бұдан әрі – Холдинг) Тәуекелдерді басқару саясатына, Қоғам қызметін реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласындағы халықаралық стандарттарды (COSO ERM:2017, ISO 31000:2018) және Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсынымдарын ескере отырып әзірленді.

2. Осы Саясат Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің (бұдан әрі – ТБЖ) пайымын, мақсаттары мен міндеттерін көрсетеді, ТБЖ құрудың негізгі принциптері мен тәуекелдерді басқару құрылымын, ТБЖ-ның негізгі компоненттері мен элементтерін анықтайды, тәуекелдерді басқару процесін жүзеге асыру және Холдинг пен Қоғам арасында тәуекелдер туралы ақпарат алмасу кезінде жүйелі және дәйекті тәсілді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қоғам тәуекелдерін жіктеудің жалпы тәсілдерін, Қоғамның ТБЖ-сына мониторинг жүргізу механизмдерін және Қоғамның ТБЖ тиімділігін бағалауды анықтайды.

3. Тәуекелдерді басқару процесінің әдістері мен рәсімдерінің сипаттамасы, соның ішінде тәуекелдерді басқару бойынша есептілікті ұсыну тәртібі мен нысандары, тәуекелдердің негізгі түрлерін басқару процесіне қатысушылардың міндеттері, функциялары, жауапкершілігі, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар және тәуекелдерді басқару процесінің басқа да құрамдас бөліктері Қоғамның Директорлар кеңесі немесе Басқармасы өз құзыреттеріне сәйкес бекіткен Қоғамның ішкі құжаттарында ұсынылған. Тәуекелдерді басқару процесінің Қоғамға тән әдістері мен рәсімдері Қоғамның басқару органдарымен және атқарушы органдарымен анықталады. Холдинг пен оның ЕҰ үшін ортақ болып табылатын тәуекелдердің негізгі түрлерін бағалау және басқару әдістері мен рәсімдерін Холдинг анықтайды.

4. Саясат ТБЖ-дағы жоғары деңгейдегі құжат болып табылады және Қоғам қызметінің барлық түрлеріне қолданылады. Саясат Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері мен барлық қызметкерлерінің танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады. Функционалдық міндеттерді орындау және алға қойылған міндеттерді іске асыру кезінде Қоғамның әрбір қызметкері осы Саясатты басшылыққа алады.

5. Тәуекелдерді басқару деп тәуекелді ескере отырып, ұйымның стратегиялық мақсаттарын анықтауға және оларға қол жеткізуге бағытталған мәдениеттің, мүмкіндіктердің, практикалардың және үйлестірілген іс-қимылдардың жиынтығы түсініледі.

6. Тәуекелдерді басқару процесінің мақсаты пайда алу және шығындарды болдырмау мақсатында мүмкіндіктерді барынша пайдалану арасындағы теңгерімге қол жеткізу болып табылады. Бұл процесс басқару процесінің маңызды құрамдас бөлігі және дамыған корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

7. Тәуекелдерді басқару жеке функция немесе Қоғамның жеке құрылымдық бөлімшесінің функциясы болып табылмайды, ол Қоғамның әрбір бизнес-процесінің және әрбір қызметкерінің функционалдық міндеттерінің ажырамас бөлігі болып табылады.

8. Қоғамда ТБЖ енгізу қажетті инфрақұрылым мен мәдениетті орнатуды және дамытуды білдіреді, сондай-ақ шығындарды болдырмау және пайданы барынша арттыру мақсатында Қоғам қызметінің барлық бағыттарына, функцияларына немесе процестеріне

тән тәуекелдерді сәйкестендірудің, талдаудың және бағалаудың, мониторингінің, бақылауының және басқарудың логикалық және жүйелі әдістерін қолдануды қамтиды.

9. Қоғамның тәуекелдерді басқару процесінің негізгі элементі оның ұйымның ерекшелігімен, қызметтің негізгі принциптерімен, бизнес-процестермен интеграциялануы және әрбір қызметкердің тәуекелдерді басқару процесіне тартылуы болып табылады.

10. Саясат шеңберінде өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қоғам Жалғыз акционердің және басқа да мүдделі тараптардың мүдделерін және тәуекелдердің іске асырылу салдарын ескереді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 13 наурыздағы шешіміне (№13 хаттама) сәйкес 11-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалды:

11. Тәуекелдерді басқару процесі келесі кезеңдерді қамтиды:

1) тәуекелдерді анықтау: Қоғамның бизнес-процестеріндегі корпоративтік тәуекелдерді және тәуекел түзуші факторларды бағалау (жүйелі және тұрақты қадағалау, залалдың барлық мүмкін болатын себептерін талдау, олардың ықтималдығы мен мөлшерін сапалы бағалау);

2) Қоғам тәуекелдерін жіктеу (тәуекелдердің ерекшелігін және олардың туындауына әкелетін, олардың дамуына әсер ететін факторларды зерттеу, тарихи деректерді сараптық бағалау, тәуекелдер картасы);

3) Қоғамның ТБЖ тиімділігін бағалау, оның өткізілу кезеңділігі Қоғамдағы ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларына сәйкес белгіленеді;

4) тәуекелдерге тұрақты стресс-тестілеу жүргізу;

5) тәуекелдерді басқару әдісін таңдау және қолдану;

6) тәуекелдерді басқару жүйесін түзету.

2-тарау. Негізгі ұғымдар

12. Осы құжатта келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **тәуекел иелері** – өздерінің функционалдық міндеттеріне қарай қызметін жүзеге асыру кезінде материалдық және (немесе) материалдық емес шығындардың әлеуетті көзі болып табылатын немесе болуы мүмкін, сондай-ақ тәуекелдің әртүрлі түрлерінің көзі болып табылатын оқиғалардың әсерін сәйкестендіру, талдау, бағалау және бақылау мүмкіндіктеріне ие, сонымен қатар Қоғамның нақты тәуекелдерін басқаруға және қадағалауға жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшелері немесе қызметкерлері;

2) **еншілес ұйым (ЕҰ)** - дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ-на меншік құқығымен немесе сенімгерлік басқару құқығымен тікелей тиесілі заңды тұлға;

3) **жалғыз акционер** – «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ;

4) **тәуекел-тәбет** – Қоғам мен оның басшылары өздерінің бизнесті дамыту стратегиясы шеңберінде қабылдауға дайын болатын қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де негіздегі нәтижелердегі өзгерістер мүмкіндігі;

5) **тәуекел** – қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге әсер етуі мүмкін оқиғаларға немесе іс-қимылдарға байланысты белгісіздік әсері;

6) **тәуекел-мәдениет** - Қоғамның барлық деңгейлеріндегі барлық құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің тәуекелдер әсерін басқару және бақылау қажеттілігін тануы және өз жұмысын осы аспектіні ескере отырып құруы;

7) **ҚБ** – құрылымдық бөлімше/Қоғамның ҚБ-на кірмейтін қызметкерлер;

8) **сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган** (бұдан әрі – уәкілетті орган) – сауда саясатын қалыптастыратын және басшылықты, сондай-ақ сауда қызметі саласындағы ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

13. Барлық өзге терминдер осы Саясатта Қоғамның ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған мағыналарда пайдаланылады. Саясат қажеттілігіне қарай қайта қаралуға және Қоғамның Директорлар кеңесімен

бекітілуге тиіс.

14. Саясат Қоғамның интернет-сайтында жария түрде ашылады және негізгі параметрлері Қоғамның жылдық есебінде көрсетіледі. ТБЖ-дағы өзгерістер электрондық пошта арқылы Қоғамның барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына жеткізіледі.

3-тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесінің негігі принциптері

15. Саясаттың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1) тиімді кешенді жүйе құру және Қоғамды басқару элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған процесін жасау, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне стандартталған тәсіл негізінде қызметті үнемі жетілдіріп отыру;

2) Қоғамның өз қызметінің ауқымына сәйкес келетін, қолайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету;

3) Қоғамның даму жоспарын іске асыру шеңберінде Қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету;

4) Қоғамның алға қойылған міндеттерге тиімді қол жеткізуі мақсатында басқарушылық шешімдер қабылдау үшін Қоғамды қажетті, сенімді және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз ететін ТБЖ қалыптастыру және дамыту.

16. Саясат келесі міндеттерді іске асыруға бағытталған:

1) ТБЖ барлық қатысушыларының Қоғам тәуекелдерін бірыңғай түсінуін қамтамасыз ету;

2) шешім қабылдау және жоспарлау процесі үшін толыққанды база құру;

3) алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, талдауға, мониторингке, бақылауға негізделген тәуекелдерді басқарудың үздіксіз келісілген процесін қамтамасыз ету;

4) ықтимал жағымсыз оқиғалардың алдын алуға және азайтуға мүмкіндік беретін басқару жүйесін енгізу және жетілдіру;

5) ресурстарды пайдалану мен бөлудің тиімділігін арттыру;

6) активтер мен акционерлік капиталды қорғауды қамтамасыз ететін Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру арқылы шығындар мен залалдардың алдын алу;

7) бизнес-процестердің тиімділігін, ішкі және сыртқы есептіліктің сенімділігін қамтамасыз ету және заңнама талаптарының сақталуына жәрдемдесу.

17. Қоғамда үш желі моделі қолданылады, оның негізгі мақсаты рөлдер мен функцияларды нақты бөлу есебінен ТБЖ-ның тиімді жұмыс істеуі болып табылады. Желілердің әрқайсысының міндеттері мыналардан тұрады: тәуекелдерді жедел басқару бірінші желіде жүзеге асырылады; агрегирленген тәуекел мониторингі және бірінші желінің тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы тұрғысынан бақылау – екінші желіде және үшінші желіде ТБЖ-ның барабарлығы мен тиімділігіне қатысты тәуелсіз және объективті кепілдік пен ұсынымдар беру. Егер қорғаныстың әрбір желісі өз рөлін тиімді орындаса, Қоғамның өзінің стратегиялық мақсаттарына сәтті қол жеткізу ықтималдығы артады.

18. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару процесі тұрақты, серпінді және үздіксіз процесс болып табылады және ол келесі компоненттерден тұрады: тәуекелдерді басқарудың ішкі ортасы, мақсаттарды анықтау, тәуекелді сәйкестендіру, тәуекелді өлшеу (бағалау), тәуекелге ден қою (басқару), бақылау және мониторинг, тәуекел-тәбет және елеулі тәуекелдерге төзімділік.

4-тарау. Ішкі орта

19. Ішкі орта Қоғамның сипатын және оның қызметкерлерінің тәуекелдерді қалай қарастыратынын және оларға қалай ден қоятынын анықтайды. Ішкі орта ТБЖ-ның барлық басқа компоненттері үшін негіз болып табылады, ол тәуекел-менеджмент философиясын, тәуекел-тәбетті, басқару органдары тарапынан бақылауды, этикалық құндылықтарды,

қызметкерлердің құзыреті мен жауапкершілігін, Қоғамның құрылымын, оның адам ресурстарымен, қаржылық және процестік ресурстарымен анықталатын мүмкіндіктерін қамтиды.

20. Қоғамның сыртқы ортамен (бизнес құрылымдармен, әлеуметтік және реттеушілік және басқа да саяси, қаржылық органдармен) өзара қарым-қатынасы ішкі ортада көрініс табады және оның қалыптасуына әсер етеді. Қоғамның сыртқы ортасы өзінің құрылымы бойынша күрделі және өзара байланысты әртүрлі салаларды қамтиды және жүйелі тәуекелдердің туындауына жағдай жасайды.

21. Қоғамның қызметі қызметкерлердің тәуекелдерді түсінуін арттыратын және олардың тәуекелдерді басқару үшін жауапкершілігін арттыратын ішкі ортаны құруға бағытталған. Атап айтқанда, ішкі орта жалпы Қоғам қызметінің келесі принциптерін қолдауы тиіс:

1) шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдердің барлық нысандарын сәйкестендіру және қарастыру және Қоғам басшылығының тәуекелдерді кешенді пайымдауын қолдау;

2) Қоғам деңгейінде жалпы Қоғам мақсаттарына барынша жауап беретін тәуекелдер профилін жасау және бағалау;

3) тәуекелдерге меншік иесі болу және жауапкершілік сезімін, басқару иерархиясының тиісті деңгейлерінде (ҚБ және т.б.) тәуекелдерді басқаруды қолдау. Бұл ретте тәуекел-менеджмент жауапкершілікті басқаларға ауыстыруды білдірмейді;

4) Қоғамның ішкі саясаты мен рәсімдеріне сәйкестікті және корпоративтік басқару жүйесінің жай-күйін қадағалау;

5) маңызды (критикалық) тәуекелдер және ТБЖ кемшіліктері туралы уақтылы ақпарат беру;

6) тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдерінің міндетті екенін түсіну;

7) ұсынылатын ақпаратты жан-жақты бағалау негізінде, адал, тиісті сақтықпен және қамқорлықпен (duty of care) Қоғам мүддесі үшін шешімдерді ұтымды қабылдау және іс-қимыл жасау. Сақтық пен қамқорлық таныту міндеті, егер Қоғам қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары бұл ретте өрескел немқұрайлылық танытпаса, бизнес-шешімдер қабылдау процесіндегі қателіктерге қолданылмайды;

8) Қоғам қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының жеке пайданы, Қоғаммен ерекше қарым-қатынастармен байланысты тұлғалардың мүдделерін ескермей, Қоғам мүдделеріне нұқсан келтірмей, Қоғам мүддесі үшін адал шешім қабылдауы және іс-қимыл жасауы (duty of loyalty).

22. Қоғамның тәуекелдерді басқару процесінің негізгі принциптері мыналар болып табылады:

1) тұтастық – Қоғамның жиынтық тәуекелінің элементтерін корпоративтік ТБЖ бөлінісінде қарастыру;

2) ашықтық – ТБЖ-ны автономды немесе оқшауланған ретінде қарастыруға тыйым салу;

3) құрылымдылық – тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесінің нақты құрылымы болады;

4) ақпараттандырылғандық – тәуекелдерді басқару объективті, сенімді және өзекті ақпараттың болуымен қатар жүреді;

5) үздіксіздік және тұрақты жетілдіру – тәуекелдерді басқару ішкі және сыртқы тәуекелдерді нақты сандық және сапалық бағалауды қамтамасыз ету үшін жинақталған отандық және шетелдік тәжірибені ескере отырып, жеке тәжірибе, жаңа техникалық құралдар мен әдістердің пайда болуы негізінде қабылданған әдістемелерді, лимиттерді, қаржылық көрсеткіштерді, тәуекелдерді басқару шаралары мен құралдарын жүйелі түрде қайта қарауды талап ететін үнемі жетілдіріліп отыратын процесс болып табылады;

6) циклдік – тәуекелдерді басқару процесі оның негізгі компоненттерінің үнемі қайталанатын құрылған циклін білдіреді;

7) экономикалық орындылық – тәуекелдерді бақылау бойынша басым шараларды

анықтау бақылау рәсімдерін енгізуге жұмсалатын шығындар мен ықтимал шығындардың арақатынасын бағалау кезінде экономикалық тұрғыдан тиімді іске асырылуы тиіс.

23. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Қоғамның келесі органдары мен бөлімшелерін тарта отырып, бірнеше деңгейде тәуекелдерді басқарумен ұсынылған: Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма, алқалы органдар, ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ, Ішкі аудит қызметі, басқа да ҚБ және Қоғам қызметкерлері.

24. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы тәуекелдерді басқару және бақылау ортасын құру процесіне тартылған. Тәуекелдерді басқару тек ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ-ның функциясы ғана емес, ол сонымен қатар Қоғамның барлық процестеріне интеграцияланады. Нақты тәуекел оқиғасының іске асырылуына Қоғам қызметіндегі белгілі бір процестерге бастамашылық жасайтын және оларды іске асыратын лауазымды тұлға/ҚБ – тәуекел иесі жауапты болады.

25. Процестің қосымша қатысушылары сыртқы мүдделі тараптар болып табылады. Сыртқы мүдделі тараптар мемлекеттік органдармен, кредиторлармен, инвесторлармен, өнім берушілермен және тұтынушылармен, қоғаммен және басқа да тұлғалармен ұсынылған. Сыртқы мүдделі тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып, жазбаша түрде сұрау салулар мен ұсыныстар жібере алады, оларды Қоғам қарастырады және қабылданған іс-қимылдар туралы немесе ұсыныстарды қабылдамау туралы жауап береді.

26. Сыртқы мүдделі тараптар Қоғамда ТБЖ-ның тиісті түрде жұмыс істеуін күтеді, өйткені олардың мүдделері ТБЖ тиімді болған жағдайда көбірек қорғалатын болады.

5-тарау. Тәуекелдерді басқару процесіне қатысушылардың функциялары

27. Жалғыз акционер корпоративтік басқарудың негізгі принциптерін айқындайды.

28. Қоғамның Директорлар кеңесі ТБЖ-ны қадағалауды жүзеге асыруда негізгі рөл атқарады және тәуекелдерді басқару саласында келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Қоғамның мақсаттарын (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) қою;

2) Қоғамның Тәуекелдерді басқару саясатын және құзыреті шеңберіндегі өзге де ішкі құжаттарды бекіту;

3) осы Саясатты бекіту арқылы Қоғам тәуекелдеріне мониторинг жүргізу және бақылау бойынша жауапкершілік деңгейлерін бекіту;

4) ішкі бақылауды жақсарту және тәуекелдерді басқару бойынша сыртқы аудиторлардың қорытындыларын және Ішкі аудит қызметі жүргізген тексерулердің нәтижелерін талдау;

5) Қоғамның тәуекелдер тізілімін, тәуекелдер картасын және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту (тәуекелдерді басқару жөніндегі тоқсан сайынғы есептерді бекіту шеңберінде);

6) тәуекелдердің негізгі индикаторларын бекіту (тәуекелдерді басқару жөніндегі тоқсан сайынғы есептерді бекіту шеңберінде);

7) тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді бекіту;

8) ТБЖ тиімділігі туралы есептерді қарау;

9) Қоғамның қаржылық көрсеткіштеріне талдау және бағалау жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржылық және басқарушылық есептілікті Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындау;

10) Қоғамның тәуекел-тәбетін бекіту;

11) алқалы органдардың, Басқарманың, комитеттердің, ҚБ-ның, ішкі аудит қызметінің қызметін үйлестіру;

12) басшы қызметкерлердің функционалдық міндеттеріндегі мүдделер қақтығысының ықтималдығын азайту бойынша шаралар қабылдау;

13) аффилирленген тұлғаларға жеңілдікті шарттардың берілу фактісін тексеруді жүзеге асыру;

14) Қоғамның меншікті капиталға ағымдағы (болашақ) қажеттіліктерін талдауды қарау;

15) анықталған сәйкессіздіктерді көрсете отырып, ішкі (сыртқы) аудиторлардың жүргізген тексерулер нәтижелері бойынша есебін, сондай-ақ олардың ұсынымдарын қарау;

16) Активтер мен пассивтерді басқару кеңесінің Қоғам активтерін инвестициялау бойынша жүргізілген операциялардың (мәмілелердің) нәтижелері туралы есебін қарау (қаржы құралдарын түрлері бойынша топтастырып және теңгерімдік, нарықтық құнын, кірістілігін, сатып алу және сату сомаларын көрсете отырып);

17) стратегияға, саясаттарға, рәсімдерге және өзге де ішкі құжаттарға қайшы келетін операцияларды жасау мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ оларды түзету мақсатында құрылған комитеттер, бөлімшелер және ішкі аудит қызметі арқылы Қоғам қызметіне тұрақты мониторинг жүргізу;

18) ішкі аудит қызметі функцияларының ұйымдық тәуелсіздігін қамтамасыз ету;

19) операцияларға (мәмілелерге) лимиттеу және шектеулер қою;

20) уәкілетті органның шаралары мен өзге де талаптарының орындалуын, оның ішінде кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (қажет болған жағдайда) бақылау;

21) уәкілетті органның талаптары орындалмаған, анықталған кемшіліктер уақтылы жойылмаған (жойылмаған) жағдайда орындалмау (жоймау) себептерін анықтау және жауапты қызметкерлерге тиісті шараларды қолдану;

22) Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын өзге де мәселелер.

29. Директорлар кеңесі шешімдерді Қоғамның тәуекелді қабылдауға дайындығын негізге ала отырып қабылдайды. Бұл ретте шешімдер қаржы ресурстарын бөлу мәселелері бойынша да, өзге де мәселелер бойынша да қабылданады.

30. Тәуекелдерді тиімді басқаруды жүзеге асыру мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі жанынан құрылған комитеттерге тиісті ішкі нормативтік құжаттармен айқындалатын Директорлар кеңесін қолдау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер жүктелуі мүмкін.

31. Қоғамның Басқармасы тиімді ТБЖ-ны ұйымдастыруға және корпоративтік саясаттардың орындалуын және сақталуын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын құруға жауапты. Басқарма Қоғамның тәуекел-менеджмент саясаты мен философиясын көрсететін «тәуекелдерді сезіну» мәдениетін (тәуекел-мәдениетті) құруға жауапты.

32. Басқарма қызметкерлерді шешім қабылдау процесіне қатысуға және стратегиялық және операциялық мақсаттар үшін тәуекелдерді ашық талқылауға ынталандырады. Басқарма шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді қарастырады, бұл түпкілікті шешімдер қабылданғанға дейін тәуекелдер сценарийлерін талқылауды және талдауды қамтиды.

33. Басқарма сондай-ақ қызметкерлердің тәуекел-менеджмент бойынша нақты белгіленген міндеттері болуына және өз міндеттерін орындауға жауапты болуына негізделген тиімді ТБЖ құруға жауап береді. Басқарма тәуекелдерді басқару саласындағы функциялардың бір бөлігін тиісті комитеттер құру арқылы жүзеге асыруға құқылы.

34. Басқарма ТБЖ-ның тұтастығын және тиісті түрде жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында:

1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бөлігінде белгіленген мақсаттар мен әдістерге сәйкес Қоғамға күнделікті басшылықты жүзеге асырады;

2) тәуекелдерді тиімді басқаруды және ішкі бақылауды қамтамасыз ететін Директорлар кеңесі, алқалы органдар, Басқарма және Қоғамның ҚБ арасында ақпарат беру тәртібін бекітеді;

3) Директорлар кеңесі қойған мақсаттар мен міндеттерді, Ішкі аудит қызметінің ұсынымдары мен ескертулерін, Тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты ҚБ ұсынымдарын, уәкілетті органның талаптары мен шараларын іске асыруды жүзеге

асырады;

4) осы Саясат ережелерінің Қоғамның барлық қызметкерлерімен іске асырылуын және сақталуын қамтамасыз етеді;

5) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатын іске асыру мақсатында ішкі құжаттарды бекітеді;

6) қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және ТБЖ бойынша НҚА-да көзделген капиталдың жеткіліктілік коэффициентін сақтау мақсатында активтерді әртараптандыру, рентабельділік, өтімділік және капиталдың жеткіліктілігі бойынша бағдарларды айқындайды;

7) ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ-ның лимиттерді сақтау бойынша тоқсан сайынғы ақпараты негізінде Директорлар кеңесі бекіткен, сондай-ақ ТБЖ бойынша НҚА-да көзделген лимиттердің сақталуын бақылаудың тиімді шараларын қабылдауды қамтамасыз етеді;

8) тәуекелдер бойынша сенімді статистика негізінде тарифтік саясаттың тәуекелдерді дамытудағы болжамды үрдістерге сәйкестігін және тарифтік саясатты үш жылда бір рет қайта қарауды қамтамасыз етеді;

9) ағымдағы және болашақ экономикалық ортаны, нормативтік құқықтық базаны, капитал мөлшерін ескере отырып, жылдық бюджеттерді, стратегиялық жоспарларды жасау бөлігінде Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдар береді;

10) шарттық қатынастардың, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) экспорттауды ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, акционерлік қоғамдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заң талаптарының, ұйымның қаржы құралдарымен операциялар жүргізуді регламенттейтін ішкі құжаттарының сақталуына тұрақты талдау жүргізеді;

11) ҚБ-ның ықтимал және әлеуетті тәуекелдерді басқарудағы саясаттарды, белгіленген лимиттер шегіндегі тәуекелдер мөлшерін сақтауын бақылайды;

12) қаржы құралдарымен операциялардан түсетін кірістердің (шығыстардың) олардың нарықтық құнының серпінін ескере отырып өзгеруіне талдау жүргізуді қамтамасыз етеді;

13) Қоғамның меншікті капиталының ТБЖ бойынша НҚА-ға сәйкес талап етілетін деңгейге сәйкестігін қамтамасыз етеді;

14) сыртқы аудиторлардың ұсынымдарын ескере отырып, есепке алу және есептілік жүйесін жақсартуды қамтамасыз етеді;

15) аудиторлық есептерге талдау жүргізеді және анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті шаралар қабылдау жөнінде Директорлар кеңесіне ұсыныстар береді;

16) жыл сайынғы негізде Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты ҚБ жұмыс жоспарын бекітеді;

17) жыл сайынғы негізде Қоғамның Директорлар кеңесіне есепті кезеңнен кейінгі төртінші айдан кешіктірмей Қоғам Басқармасының тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі туралы есебін ұсынады;

18) стратегиялық және операциялық мақсаттарды іске асыру үшін қажетті адами капиталды, қызметкерлердің құзыреттілік деңгейін арттыруды, қызметкерлердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттерге қол жеткізуі үшін ынталандыру мен бағалаудың тиімді жүйесін қалыптастыруды (адам ресурстарын басқаруға жауапты ҚБ-ның жәрдемдесуімен) айқындайды;

19) тәуекел-менеджментті басқа бизнес-процестерге интеграциялауды қамтамасыз ету және Қоғамда тәуекел-мәдениетті дамыту шеңберінде тәуекел-менеджменттің стратегиялық пайымы, тәуекел-мәдениет және тәуекел-менеджмент процестерін сақтау бөлігінде Қоғам қызметкерлерімен коммуникацияларды жүзеге

асырады;

20) бизнес-процестердің, тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасын бекітеді;

21) тәуекелдердің негізгі индикаторларын (бұдан әрі – ТНИ) және елеулі тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралардың тиімділігін қарастырады.

35. Тәуекелдерді басқаруды тиімді ұйымдастыру мақсатында Қоғам Басқармасы жанынан тиісті ішкі нормативтік құжаттармен айқындалатын Қоғам Басқармасын қолдау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер жүктелуі мүмкін алқалы органдар құрылуы мүмкін.

36. Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты ҚБ ТБЖ-ның 2-желісі болып табылады, оның негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1) корпоративтік тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процесін ұйымдастыру және үйлестіру, сондай-ақ тәуекел иелерімен тәуекелдер тізілімі мен картасын, бизнес-процестердегі тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын, тәуекелдердің негізгі индикаторларын, Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісу, сондай-ақ кездесулер, талқылаулар өткізу, деректерді жинақтау арқылы жоспардың уақтылы және барабар іске асырылуына мониторинг жүргізу;

2) тәуекелдерді басқару саясатын әзірлеу;

3) Қоғам Басқармасы мен Қоғамның Директорлар кеңесін тәуекелдерді басқару процестеріндегі елеулі ауытқулар туралы хабардар ету;

4) іске асырылған тәуекелдердің деректер базасын жүргізу, тәуекелдерге елеулі әсер етуі мүмкін сыртқы факторларды қадағалау;

5) Қоғам Басқармасы мен Қоғамның Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есепті дайындау және ұсыну;

6) корпоративтік басқару деңгейін диагностикалау шеңберінде «Тәуекелдерді басқару» қосалқы компонентін бағалау бойынша ұсыныстар енгізу арқылы тәуекелдерді басқару жүйелерін мерзімді бағалауды ұйымдастыруға қатысу;

7) ТБЖ-ның әдіснамалық базасын, Қоғам тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау және басқару бойынша саясат пен қағидаларды, тәуекелдер мониторингі жөніндегі рәсімдерді әзірлеу, енгізу және жетілдіру (қажет болған жағдайда);

8) Қоғамда тәуекел-коммуникацияларды ынталандыру;

9) тәуекел-менеджментті басқа бизнес-процестерге интеграциялауды қамтамасыз ету және Қоғамда тәуекел-менеджмент мәдениетін дамыту;

10) Қоғам қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша әдіснамалық және консультациялық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету;

11) Қоғам қызметкерлері үшін тәуекелдерді басқару бойынша оқыту семинар-тренингтерін өткізу бөлігінде ұсыныстар енгізу;

12) ішкі аудит жоспарын қалыптастыру, ақпарат алмасу, ТБЖ мәселелері бойынша аудиторлық тексерулердің нәтижелерін талқылау, білім мен әдіснамалармен алмасу бөлігінде Қоғамның Ішкі аудит қызметімен өзара іс-қимыл жасау;

13) тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, соның ішінде Қоғам қызметіне байланысты тәуекелдер көрсеткіштерінің сипаттамалық және сандық мәндерін анықтау, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша жол берілетін мәндерін анықтау;

14) белгіленген лимиттердің сақталуын бақылауды ұйымдастыру;

15) тәуекел иелерімен бірлесіп Қоғам қызметі процесінде туындайтын тәуекелдерді басқару бойынша шаралар қабылдау;

16) сәйкестендірілген тәуекелдерді мониторингілеу, бағалау және бақылау, тәуекелдер картасын жасау, соның ішінде: тәуекелдерді сәйкестендіру бойынша Қоғамның басқа бөлімшелерімен бірлесіп шаралар қабылдау; тәуекелдерді бағалау, соның ішінде тәуекелдердің туындау жиілігін бағалау, осы тәуекелдер тигізген әсерлерді кейіннен жіктеу; тәуекелдер көрсеткіштері мәндерінің өзгеруіне, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндері тәуекел лимиттеріне сәйкес келмеген жағдайда тәуекелдерді азайту мақсатында қабылданатын шараларға мониторинг жүргізуді қамтитын тәуекелдер мониторингі;

17) залалға әкеп соғуы мүмкін және (немесе) Қоғам қызметіне әсер етуі мүмкін немесе заңсыз сипаттағы кез келген маңызды жағдайлар туралы Директорлар кеңесіне дереу есеп беру;

18) Қоғамның тиісті бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу процесін ұйымдастыру және Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарына одан әрі мониторинг жүргізу;

19) тартылған ҚБ-мен бірлесіп төтенше жағдайларға және Қоғам қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге арналған жоспар әзірлеу;

20) қаржылық көрсеткіштерді (тоқсан сайынғы стресс-тестілеу және қабылданған тәуекелдер деңгейіне тұрақты мониторинг шеңберінде), қаржы құралдары бағаларының өзгеруінің өтімділік, төлем қабілеттілігі, капиталдың жеткіліктілігі көрсеткіштеріне әсерін (тоқсан сайынғы стресс-тестілеу және қабылданған тәуекелдер деңгейіне тұрақты мониторинг шеңберінде) тұрақты талдау;

21) бөлімшелер қызметінің тәуекелдерді басқару бөлігінде бекітілген ішкі саясаттарға сәйкестігін қамтамасыз ету;

22) ТБЖ бойынша НҚА талаптарының сақталуын бақылау;

23) сақтандыру, қайта сақтандыру және кепілдік беру портфелінің апаттық оқиғаларға төтеп беру қабілетіне жыл сайынғы бағалау жүргізу, ол жылына бір рет Қоғамның тәуекелдері бойынша есеп шеңберінде Директорлар кеңесі мен Басқарманың қарауына ұсынылады;

24) сондай-ақ Қоғам қызметінің ерекшелігіне жауап беретін басқа да функциялар.

37. Қоғамның ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ қызметкерлерінің жауапкершілігі, өкілеттіктері және ұсынылатын есептілікке қойылатын талаптар осы Саясатта, ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ туралы ережелерде және Қоғамның ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында көзделген.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 13 наурыздағы шешіміне (№13 хаттама) сәйкес 38-тармақ (құжаттағы реттілігі бойынша 12-тармақ) жаңа редакцияда мазмұндалды:

38. Қоғамның ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ қызметкерлері тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыру үшін басқа бөлімшелермен, сондай-ақ Қоғамның сыртқы және ішкі аудиторларымен өзара іс-қимыл жасауы тиіс.

Қоғамның ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ қызметкерлері, ІАҚ және Комплаенс-қызмет өзара тәуекелдерді тиімді басқару үшін қажетті тәуекелдер бойынша есептерді, Комплаенс-қызметтің мониторинг/тексеру нәтижелері бойынша есептерін, аудиторлық есептерді, әдіснамалық материалдарды, талдамалық анықтамаларды және өзге де құжаттарды қоса алғанда, тұрақты ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

39. Қоғамның ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ қызметкерлерінің осы Саясатта және осы қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында көрсетілген өздерінің функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті Қоғамның ақпаратына, құжаттарына қол жеткізуі болуы тиіс.

40. Кешенді ТБЖ функционалдық бірегейлік принципі бойынша ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ-ны вертикальды басқару негізіне негізделеді және Қоғамның уәкілетті органдары арқылы басқару арқылы қамтамасыз етіледі.

41. ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ залалға әкеп соғуы мүмкін және (немесе) Қоғам қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін немесе заңсыз сипаттағы кез келген маңызды жағдайлар туралы Қоғамның Директорлар кеңесіне хабарлауға құқылы.

42. Қоғамның басшы қызметкерлері мен ҚБ басшылары тәуекелдерді бағалауға байланысты барлық қажетті ақпаратты ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ-ның назарына уақтылы және толық жеткізуге жауапты.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 13 наурыздағы шешіміне (№13 хаттама) сәйкес 43-тармақ (құжаттағы реттілігі бойынша 17-тармақ) жаңа

редакцияда мазмұндалды:

43. Андеррайтингтік кеңес тәуекелдерді басқару процесінде келесі негізгі функцияларды жүзеге асырады:

1) Директорлар кеңесі белгілеген лимиттер шегінде ерікті сақтандыру, қайта сақтандыру, кепілдік беру шарттарын жасасу бойынша шешімдер қабылдау;

2) Директорлар кеңесі белгілеген лимиттер шегінде ерікті сақтандыру, қайта сақтандыру, кепілдік беру шарттарына енгізілетін негізгі және қосымша талаптардың тізбесін айқындау;

3) жасалған ерікті сақтандыру, қайта сақтандыру және кепілдік беру шарттары шеңберінде айыппұлдар сомасын ұстап қалу, жою немесе өзгерту туралы шешімдер қабылдау;

4) жасалған ерікті сақтандыру, қайта сақтандыру және кепілдік беру шарттары шеңберінде кредиттік және кепілдік құжаттаманы өзгертуге келісімдер беру бойынша шешімдер қабылдау;

5) сақтандыру немесе қайта сақтандыру тарифін немесе кепілдіктер берген кездегі сыйақы мөлшерін есептеу кезінде пайдалану үшін Қоғамның ішкі жіктемесі бойынша елдер санаттарын белгілеу;

6) сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі, кепілдік беру мәселелері бойынша мониторингтік есептерді, талдамалық есептер мен шолуларды, ҚБ ұсынымдарын қарау;

7) бұрын алынған сақтандыру сыйлықақыларын қайтару/сторнирлеу туралы шешім қабылдау;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына және Қоғамның ішкі құжаттарына қайшы келмейтін сақтандыру және қайта сақтандыру қызметіне, кепілдік беру қызметіне және сақтандыру портфелін және берілген кепілдіктер портфелін басқаруға қатысты өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 13 наурыздағы шешіміне (№13 хаттама) сәйкес 44-тармақ (құжаттағы реттілігі бойынша 18-тармақ) жаңа редакцияда мазмұндалды:

44. Қоғамның Активтер мен пассивтерді басқару кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) тәуекелдерді басқару процесінде келесі негізгі функцияларды жүзеге асырады:

1) инвестициялық шешімдер қабылдау;

2) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен лимиттер шеңберінде сақтандыру және кепілдік төлемдерін жүзеге асыру бойынша шешім қабылдау;

3) Қоғамның Қаржылық активтері мен міндеттемелерін басқару регламентінің талаптары және Холдинг ұсынған лимиттер шеңберінде банк-контрагенттерге максималды лимиттерден тыс лимиттер белгілеу бойынша шешімдер қабылдау;

4) Қоғамға берілетін кредиттер, қаржылық көмек және кепілдіктер, сондай-ақ қарыздық қаржыландыру бөлігінде қарау және ұсынымдар беру;

5) банктердің/контрагенттердің/бағалы қағаздар эмитенттерінің қаржылық жағдайын талдауды қарау;

6) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес брокерді/дилерді/кастодианды таңдау бойынша шешім қабылдау;

7) Активтер мен пассивтерді басқару кеңесінің қызметі туралы есепті қарау;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына қайшы келмейтін Қоғамның активтері мен міндеттемелерін басқаруға қатысты өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

45. Қоғамның Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару процесінде келесі негізгі функцияларды жүзеге асырады:

1) жылдық аудиторлық жоспарды әзірлеу;

2) тәуекелдерді басқару рәсімдері мен тәуекелдерді бағалау жөніндегі әдіснаманың тиімділігін аудиттеу және талдау, сондай-ақ тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) Қоғам қызметінің барлық аспектілері бойынша ішкі бақылау жүйелерінің барабарлығы мен тиімділігін бағалау, бөлімшелердің жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау жай-күйі туралы уақтылы және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмысты жақсарту бойынша пәрменді және тиімді ұсынымдар беру;

4) ішкі бақылау жүйесінің жай-күйін объективті бағалауды және оларды жетілдіру бойынша ұсынымдарды ұсыну арқылы Директорлар кеңесінің барабар ішкі бақылау жүйесінің болуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларын жүзеге асыру кезінде туындайтын міндеттерді шешу;

5) Қоғамның Директорлар кеңесі үшін ТБЖ тиімділігін бағалау бойынша есеп ұсыну;

6) бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес өзге де функциялар.

46. ТБЖ құрылымындағы маңызды элементтердің бірі – әрбір қызметкер тұлғасындағы Қоғамның ҚБ және бірінші желі болып табылатын ҚБ-на кірмейтін өзге де қызметкерлер. ҚБ және ҚБ-на кірмейтін өзге де қызметкерлер тәуекелдерді басқару процесінде негізгі рөл атқаратынын түсінуі тиіс. Қоғам қызметкерлері күнделікті негізде тәуекелдермен жұмыс істейді, оларды басқарады және өздерінің функционалдық міндеттері аясында олардың ықтимал әсеріне мониторинг жүргізеді. ҚБ және Қоғамның ҚБ-на кірмейтін өзге де қызметкерлері тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуына жауапты, өз қызметі саласындағы маңызды тәуекелдерді уақтылы анықтауы және хабарлауы және іс-шаралар жоспарына енгізу үшін тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар беруі тиіс.

47. ҚБ туралы ережелерде және ҚБ басшыларының, сондай-ақ Қоғамның ҚБ-на кірмейтін қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында осы бөлімшелер мен қызметкерлердің бизнес-процестерімен және міндеттерімен, сондай-ақ олар қабылдайтын шешімдермен байланысты тәуекелдерді басқару бойынша функционалдық міндеттер көрсетілуі тиіс.

48. Тәуекелдерді басқару процесінде Қоғамның ҚБ, сондай-ақ ҚБ-на кірмейтін қызметкерлерінің негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1) тұрақты негізде өз бизнес-процесі бойынша тәуекелдерді уақтылы сапалы өзін-өзі бағалау және сәйкестендіру;

2) ТНИ-ге және өз бизнес-процесі бойынша жаңа тәуекелдердің туындауына тұрақты мониторинг жүргізу, оларды ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ-ның тәуекелдер тізіліміне енгізу туралы ұсыныстар енгізу;

3) ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ-мен бірлесіп өз бизнес-процесі бойынша тәуекелдерді азайту/басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

4) ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ-мен бірлесіп әзірлеу және өз бизнес-процесі бойынша критикалық тәуекелдер бойынша ТНИ мониторингі;

5) Қоғамның ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ-на тәуекелдердің жай-күйі және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы уақтылы, толық және сенімді ақпарат бергені үшін жауапты болады;

6) өз қызметі шеңберінде операцияларды жасау кезінде бекітілген тәуекел-тәбет деңгейлері мен тәуекелдер бойынша лимиттердің сақталуын қамтамасыз етеді;

7) өз құзыреті шеңберінде әдістемелік және нормативтік құжаттаманы әзірлеуге қатысу;

8) тәуекелдерге ден қою бойынша бекітілген іс-шараларды іске асыру;

9) тәуекел-коммуникацияны дамыту процесіне жәрдемдесу.

49. Барлық ҚБ қызметкерлері (сондай-ақ Қоғамның ҚБ-на кірмейтін қызметкерлері) кем дегенде жылына бір рет оқудан өтеді және біліктілігін арттырады (оқыту курстары, семинарлар және т.б.).

50. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару құрылымы ақпараттың вертикальды және горизонтальды бойынша барабар ағынын қамтамасыз етеді. Бұл ретте төменнен жоғары келетін ақпарат Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасын: ағымдағы қызмет туралы;

қызмет барысында қабылданған тәуекелдер, оларды бағалау, бақылау, ден қою әдістері және оларды басқару деңгейі туралы мәліметтермен қамтамасыз етеді. Жоғарыдан төмен бағытталатын ақпарат ішкі құжаттарды, регламенттерді және тапсырмаларды бекіту арқылы мақсаттардың, стратегиялардың және қойылған міндеттердің жеткізілуін қамтамасыз етеді. Горизонтальды бойынша ақпарат беру ҚБ мен Қоғамның өзге қызметкерлерінің өзара іс-қимылын және Қоғам мен Холдингтің ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ-ларының өзара іс-қимылын білдіреді.

6-тарау. Мақсаттарды және тәуекел-тәбетті анықтау

51. Қоғам сыртқы және ішкі көздерден келетін тәуекелдердің әсеріне ұшырайды, сондықтан тәуекелдерді тиімді сәйкестендірудің, бағалаудың және оларды басқару әдістерін әзірлеудің негізгі шарты мақсаттарды қою болып табылады. Қоғам қызметінің мақсаттары Қоғамның Даму жоспарымен айқындалады және операциялық мақсаттарды әзірлеу үшін негіз қалайды.

52. Қоғамның мақсаттары мен міндеттері Қоғамның миссиясына сәйкес келуі тиіс және Қоғамның тәуекел-тәбетімен келісіледі. Мақсаттар оларға қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін әлеуетті тәуекелдерді сәйкестендіруге дейін анықталады.

53. Тәуекел-тәбет тәуекел факторларын Қоғамды басқару процестеріне интеграциялауға бағытталған. Тәуекел-тәбет мүдделі тараптардың, соның ішінде акционерлердің, клиенттердің, халықтың, реттеуші органдар мен инвесторлардың тәуекелдің жол берілетін деңгейлерін көрсетеді.

54. Қоғам жол беретін тәуекел деңгейі тәуекел-тәбет құрылымында көрініс табуы тиіс, ол тиімділік, кірістілік және өтімділік сияқты компоненттерді қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

55. Жыл сайын Қоғам Басқармасы алдын ала қарағаннан кейін, Қоғамның Директорлар кеңесі Саясатқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның Қоғамның Даму жоспарына, бизнес ортаға және мүдделі тараптардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында тәуекел-тәбетті қарастырады және бекітеді.

56. Тәуекел-тәбет сондай-ақ Қоғамның стратегиялық жоспарлауы мен бюджеттеуінің құрамдас бөлігі болып табылады. Тәуекел-тәбет компоненттері орындалуы міндетті лимиттер мен нысаналы көрсеткіштер арқылы Қоғамның операциялық қызметіне трансформацияланады.

57. Лимиттер — бұл Қоғам асырмауға тиіс тәуекел-тәбет параметрлері. Лимиттердің тағы бір анықтамасы — тәуекелге төзімділік (толеранттылық), яғни бұл Қоғам өз қызметіне елеулі нұқсан келтірмей қабылдауға қабілетті тәуекелдер деңгейі, басқаша айтқанда, Қоғам өз төзімділік деңгейінен артық тәуекелдерді қабылдамауы тиіс.

58. Сонымен қатар, Қоғам қол жеткізуге тиіс тәуекелдің оңтайлы деңгейін анықтау үшін нысаналы деңгейлер белгіленуі мүмкін.

59. Тәуекел-тәбетті қалыптастыру кезінде Қоғамның оңтайлы тәуекел профилін анықтау мақсатында сандық та, сапалық та қолжетімді барлық ақпарат пайдаланылуы тиіс.

60. Тәуекелдерді басқарудың көптеген аспектілерін қамтитын тәуекел-тәбеттің негізгі компоненттері Қоғам қызметінің ерекшеліктеріне қарай айқындалады.

61. Тәуекел-тәбетті анықтауға арналған компоненттерге, соның ішінде мыналар жатуы мүмкін:

- тиімділік;
- капиталдың жеткіліктілігі;
- кірістілік;
- өтімділік.

62. Тәуекел-тәбеттің «Тиімділік» компоненті Қоғамның сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігіне байланысты Қоғамның маңызды компоненті болып табылады.

63. Капиталдың жеткіліктілігі қолжетімді капитал мен Қоғамның тәуекел профилі арасындағы жалпы теңгерімді сақтау, реттеуші органдардың талаптарын (олар болған жағдайда) қолдау қажеттілігіне байланысты маңызды компонент болып табылады.

64. Кірістілік Қоғамның алдына қойылған стратегиялық мақсаттарға оның қызметінің кем дегенде шығынсыздығын ескере отырып қол жеткізу қажеттілігіне байланысты маңызды компонент болып табылады.

65. Өтімділік өз міндеттемелерінің уақтылы және толық орындалуын қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты маңызды компонент болып табылады.

66. Пайдаланылатын компоненттердің әрқайсысы бойынша лимиттеу тәуекелді қабылдамау және тәуекелге артықшылық беру принциптері негізінде айқындалады:

1) басқарылмайтын тәуекел деңгейін қабылдамау принципі Қоғамның пайдасының құбылмалылығы (волатильдігі) мен шығындарының шамасымен өрнектелген, Қоғам өзіне қабылдауға дайын тәуекел шамасын анықтауға ықпал етеді;

2) тәуекелге артықшылық беру принципі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғам өзіне қабылдағысы келетін тәуекелдердің деңгейі мен түрін анықтауға ықпал етеді.

67. Өз қызметінде Қоғамның ҚБ және қызметкерлері басқарылмайтын тәуекел деңгейін қабылдамау принципін басшылыққа алуға, бұл ретте Қоғамның тиісті ҚБ-ның негізгі операциялары мен функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде өз қызметіндегі тәуекелдерді ескеруге міндетті.

68. Әрбір компонент қарастырылатын компоненттерді бағалауға ықпал ететін әртүрлі метрикаларды қамтуы мүмкін.

69. Даму жоспарын қалыптастыру және мақсаттарды қою кезінде Қоғам тәуекелдері мыналар арқылы төмендетілуі мүмкін:

1) Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын ескеру;

2) сыртқы және ішкі ортаны талдау;

3) тәуекел-тәбетті анықтау;

4) Даму жоспарын Холдингпен, ҚБ және Қоғамның өзге қызметкерлерімен, жұмыс топтарымен талқылау және келісу;

5) Қоғам қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді қолдау үшін нысаналы көрсеткіштерді белгілеу.

70. Бақылау тәуекелдерді анықтау және бағалау процесін жалпы бақылау шеңберінде жүзеге асырылады.

7-тарау. Тәуекелдерді сәйкестендіру

71. Тәуекелдерді сәйкестендіру – бұл Қоғамның жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу және алға қойылған міндеттерді іске асыру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдердің ықпалына ұшырауын анықтау. Тәуекелдерді сәйкестендіру рәсімінің мақсаты тәуекелдерді анықтау, оларды кейіннен бағалау, ТНИ-ді анықтау және Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу үшін Тәуекелдер тізіліміне енгізу болып табылады.

72. Қоғамның әрбір қызметкері тұрақты негізде Қоғамның алдына және атап айтқанда Қоғамның әрбір қызметкерінің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге әсер ететін тәуекелдерді және олармен байланысты тәуекел-факторларды сәйкестендіреді және бағалайды.

73. Қоғамның ТБЖ тәуекелдердің кең ауқымын анықтауға және оларды кешенді түрде қарастыруға бағытталған, бұл қолданыстағы тәуекелдер бойынша тұтас көріністі көрсетуге ықпал етеді және жүргізілетін тәуекелдер талдауының сапасын арттырады.

74. Тәуекелдерді басқарудың озық халықаралық практикасына сәйкес, Қоғам тәуекелдердің барынша кең ауқымын анықтау, айналадағы тәуекелдер туралы

хабардарлықты арттыру және ұйымның тәуекел-мәдениетін дамытуды ынталандыру мақсатында барлық ҚБ қызметкерлерінің, сондай-ақ ҚБ-на кірмейтін қызметкерлердің қатысуымен жүйелі негізде (оның ішінде ішкі құжаттарды енгізу кезінде, корпоративтік шешімдер қабылдау кезінде, барлық қызметкерлердің функционалдық міндеттері шеңберінде және басқарушылық есептілік жүйесі шеңберінде) тәуекелдерді сәйкестендіруді жүргізеді.

75. Тәуекелдерді сәйкестендіру үшін қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттер негізінде тәуекелдерді сәйкестендіру, сараптамалық талдау (соның ішінде SWOT-талдау, сценарийлік талдау, салалық және халықаралық салыстырулар), бизнес-процестерді талдау, тәуекел-аудит жүргізу, сұхбат алу және сауалнама жүргізу, әлеуетті және іске асырылған тәуекелдердің деректер базасы, тәуекелдердің негізгі индикаторлары, статистикалық әдістер, семинарлар, талқылаулар және Қоғамның тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалауды реттейтін ішкі құжаттарында егжей-тегжейлі сипатталған басқа да құралдар сияқты әртүрлі әдістемелер мен құралдардың үйлесімі пайдаланылады.

76. Тәуекелдерді сәйкестендіру және талдау Қоғамның ҚБ басшылары мен ҚБ-на кірмейтін қызметкерлердің қатысуымен жүргізіледі, бұл ретте ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ әдіснамалық және консультациялық сүйемелдеуді жүзеге асырады.

77. Сәйкестендірілген оқиғалар мен тәуекелдер тәуекелдер тізілімі нысанында жүйеленеді. Қоғамның тәуекелдер тізілімі Қоғамның өз қызметінде кездесетін тәуекелдерінің тізбесін білдіреді, ол сондай-ақ тәуекелдің іске асырылуының ықтимал салдарын қамтиды. Әрбір тәуекел бойынша тәуекел меншік иелері, яғни өздерінің функционалдық міндеттеріне қарай осы тәуекелмен жұмыс істейтін бөлімшелер (сондай-ақ ҚБ-на кірмейтін қызметкерлер) анықталған. Тәуекелдер тізілімін Қоғамның ҚБ мен қызметкерлері жаңа тәуекелдердің анықталуына қарай тұрақты негізде толықтыра алады. ҚБ және ҚБ-на кірмейтін қызметкерлер Қоғамның тәуекелдер тізілімін толтыру үшін ақпарат беруге жауапты.

78. Сәйкестендірілген тәуекелдерді жүйелеу мыналарға мүмкіндік береді:

1) тәуекелдерді жіктеу мен сандық бағалауда дәйектілікке қол жеткізу, бұл тәуекелдер профилін (ҚБ бизнес-процестері, жобалар және т.б. бойынша) салыстыруды жақсартуға мүмкіндік береді;

2) тәуекелдерді сандық бағалау технологияларының неғұрлым күрделі құралдарын құру үшін платформа ұсыну;

3) Қоғамда тәуекелдерді келісілген басқару және бақылау мүмкіндігін беру.

79. Тізілімдегі тәуекелдер 8-тарауға сәйкес санаттар бойынша жіктеледі.

8-тарау. Тәуекелдерді жіктеу

80. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жаңа анықталған/әлеуетті тәуекелдермен толықтыру бөлігінде жүйелі түрде қайта қаралып отыратын Қоғам тәуекелдерінің жіктелуіне сәйкес жүргізіледі.

81. Тәуекелдерді жіктеу Қоғамның мақсаттары мен стратегияларынан туындайды және Қоғамда тәуекелдерді басқару саласында бірыңғай терминологияны енгізу мақсатында тәуекелдер жиынтығын жалпы санаттар мен кіші санаттарға біріктіруге мүмкіндік беретін белгілі бір белгілер мен критерийлер негізінде көптеген тәуекелдерді жүйелеуді білдіреді.

82. Қоғамда тәуекелдерді жіктеу және оларды Тәуекелдер тізілімінде көрсету үшін тәуекелдерді санаттар бойынша топтастыру (мысалы, операциялық тәуекелдер және стратегиялық тәуекелдер) пайдаланылады. Әрбір тәуекел санаты қажет болған жағдайда тәуекелдің мазмұнына қарай кіші санаттарға бөлінуі мүмкін (мысалы, операциялық тәуекелдер ақпараттық технологиялар тәуекелдерін және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін қамтуы мүмкін). Өз кезегінде, әрбір кіші санат Қоғам өз қызметін жүзеге асыру процесінде кездесетін немесе кездесуі мүмкін факторлардың немесе оқиғалардың

үлгілік тізбесін қамтуы мүмкін. Тәуекелдер тізілімінде көрсетілетін тәуекелдер мен факторлардың тізбесі түпкілікті болып табылмайды және жаңаларын сәйкестендіру немесе қолданыстағы тәуекелдердің мәртебесін өзгерту кезінде тәуекелдер туралы ақпараттың түсуіне қарай жаңартылып отыруға тиіс. Қоғам қызметінің ерекшелігіне байланысты, Қоғамның Тәуекелдер тізіліміндегі Қоғамға тән тәуекелдердің кіші санаттары белгілі бір бағытқа тиесілігіне қарай біріктірілуі мүмкін.

83. Тәуекелдерді жіктеу келесі санаттар мен кіші санаттар бойынша ұсынылған (қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді):

1) Стратегиялық тәуекелдер – Қоғам қызметі мен даму стратегиясын анықтау және іске асыру кезіндегі өзгерістер немесе қателіктер (кемшіліктер), саяси ортаның өзгеруі, өңірлік конъюнктура, салалық құлдырау және жүйелі сипаттағы басқа да сыртқы тәуекел-факторлар салдарынан шығындардың туындау тәуекелдері. Стратегиялық тәуекелдерді басқару Қоғамның әрбір ҚБ деңгейінде жүзеге асырылады;

2) ESG тәуекелдері (Environmental, Social and Governance) – экологиялық тиімділік және қоршаған ортаны қорғау, әлеуеттік бағыттылық және адал корпоративтік басқару принциптерінің сақталмауымен байланысты тәуекел;

3) Репутациялық тәуекел – Қоғамның қызметін клиенттер, контрагенттер, акционерлер, инвесторлар, кредиторлар, салалық талдаушылар, басқа да мүдделі тұлғалар мен реттеуші ұйымдар тарапынан жағымсыз қабылдаудан туындайтын тәуекел, ол Қоғамның өз қызметін қолдау және жетілдіру, сондай-ақ қаржыландыру көздеріне тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін;

4) Операциялық тәуекелдер – ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателіктер, қызметкерлер тарапынан жіберілген олқылықтар (соның ішінде персонал тәуекелдері), ақпараттық жүйелер мен технологиялардың жұмыс істеуі (технологиялық тәуекелдер) нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізбеу, сондай-ақ шығындардың туындау тәуекелдері. Операциялық тәуекелдерді басқару Қоғамның әрбір ҚБ деңгейінде жүзеге асырылады;

5) Ақпараттық технологиялар тәуекелі – Қоғамның ақпараттық технологияларды әзірлеуіне және пайдалануына байланысты процестердің қанағаттанарлықсыз құрылуы салдарынан залалдың туындау ықтималдығы;

6) Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі – Қоғам қызметкерлері және (немесе) үшінші тұлғалар тарапынан қасақана деструктивті әсер ету салдарынан туындаған, Қоғамның ақпараттық активтерінің тұтастығының, құпиялылығының және қолжетімділігінің бұзылуы салдарынан залалдың туындау ықтималдығы;

7) Қаржылық тәуекелдер – қарыз алушылардың Қоғам алдындағы өздерінің ақшалай міндеттемелерін бұзуы, Қоғамның кредиторлар алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы, нарықтық параметрлердің (валюта бағамы, сыйақы мөлшерлемесі, қаржы құралдарының құны) қолайсыз өзгеруі салдарынан Қоғамда шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелі.

Қаржылық тәуекелдер келесі санаттарға жіктеледі:

– Нарықтық тәуекел – нарықтық конъюнктураның жағымсыз өзгеруі: пайыздық мөлшерлемелердің, валюталардың айырбас бағамдарының, үлестік және борыштық қаржы құралдарының, сондай-ақ тауарлық келісімшарттардың нарықтық бағаларының ауытқуы салдарынан қаржылық активтердің нарықтық құнының өзгеру тәуекелі. Валюталық және пайыздық тәуекелдер нарықтық тәуекелдің түрлері болып табылады;

– Валюталық тәуекел – Қоғам қызметін жүзеге асыру процесінде шетелдік валюталар бағамдарының ұлттық валютаға қатысты ауытқуына және ашық валюталық позицияны құндық мәнде қайта бағалауға байланысты шығындардың туындау тәуекелі. Шығындар қаупі Қоғамның валюталар бойынша позицияларын құндық мәнде қайта бағалаудан туындайды;

– Пайыздық тәуекел – сыйақы мөлшерлемелерінің қолайсыз өзгеруі салдарынан

шығындардың туындау тәуекелі. Пайыздық тәуекел орналастырылған пайыздық активтер мен тартылған пайыздық міндеттемелерді қайтару/қайта бағалау мерзімдері сәйкес келмеген жағдайда шығындардың туындау ықтималдығымен байланысты;

– Өтімділік тәуекелі – Қоғамның өз міндеттемелерін орындамауы немесе уақтылы орындамауы мүмкіндігіне байланысты тәуекел. Өтімділік тәуекелін басқару кезінде Қоғамның ағымдағы өтімділігі бақыланады, сондай-ақ орналастырылған және тартылған ақшаның, сыйақы алуға (төлеуге) байланысты кірістер мен шығыстардың мерзімдері салыстырылады;

– Кредиттік тәуекелдер – контрагенттің өз міндеттемелерін мерзімінде және толық көлемде орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан шығындардың туындау тәуекелі;

8) Құқықтық тәуекелдер – Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Қазақстан Республикасының резиденті еместермен қарым-қатынаста – басқа мемлекеттердің заңнамаларын, сондай-ақ ішкі қағидалар мен рәсімдерді сақтамау салдарынан шығындардың туындау тәуекелдері;

9) Комплаенс-тәуекел – Қоғамның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Қоғам қызметіне қолданылатын халықаралық стандарттарды, сондай-ақ ішкі қағидалар мен рәсімдерді сақтамауы салдарынан қолайсыз нәтиженің (заңдық санкцияларды қолдану, уәкілетті мемлекеттік органның талап-арыздары, материалдық қаржылық залал, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық әрекеттері немесе репутацияның жоғалуы) туындау тәуекелі. Комплаенс-тәуекелді басқару Қоғамның әрбір ҚБ және ҚБ-на кірмейтін қызметкер деңгейінде жүзеге асырылады.

84. Санаттарды салаларға бөлу Холдингтің әрбір ЕҰ үшін оның қызмет аясына байланысты әртүрлі болып табылады. Тәуекелдерді санаттар бойынша жіктеу тек навигациялық функцияны атқарады.

9-тарау. Тәуекелдерді бағалау

85. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ең «әлсіз» тұстарды анықтау үшін базалық ранжирлеуді жүзеге асыру арқылы қолданыстағы тәуекелдер мен олардың мөлшері бойынша жалпы пайымдауды ұсынуға бағытталған. Бұл процесс негізгі тәуекелдерді басқарудың қолданылатын әдістері мен рәсімдеріне бағалау жүргізуге мүмкіндік береді.

86. Тәуекелдердің іске асырылу ықтималдығын және ықтимал әсерін бағалау тәуекелдер туралы түсінікті дамытуға мүмкіндік береді, белгілі бір тәуекелді басқару қажеттілігі туралы, сондай-ақ оны азайту бойынша неғұрлым қолайлы және экономикалық тұрғыдан тиімді стратегиялар туралы шешім қабылдау үшін қажетті ақпараттық базаны ұсынады.

87. Тәуекелдер тізілімінде жүйеленген тәуекелдер бойынша бағалау процесі Қоғам қызметіне және стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін неғұрлым маңызды (критикалық) тәуекелдерді бөліп көрсету мақсатында жүргізіледі. Бұл тәуекелдер осы тәуекелдерді басқару және бақылау туралы шешімдер қабылдауы тиіс Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

88. Қоғамда тәуекелдерді бағалау және талдау жүргізу шеңберінде тәуекелдерді басқару процесінің әдістемелік базасын құрайтын сапалық, сандық талдаулар немесе олардың үйлесімі пайдаланылады.

89. Тәуекелдерді бағалау әрбір тәуекелдің туындау көздері мен себептерін, олар іске асырылған кездегі жағымсыз салдарды және белгілі бір оқиғаның орын алу ықтималдығын қарастыруды қамтиды.

90. Тәуекелдерді бағалау алдымен сапалық негізде жүргізіледі, содан кейін неғұрлым маңызды тәуекелдер үшін сандық бағалау жүргізілуі мүмкін. Сандық бағалауға келмейтін, оларды модельдеу үшін сенімді статистикалық ақпарат жоқ немесе мұндай

модельдерді құру шығындар тұрғысынан мақсатқа сай келмейтін тәуекелдер тек сапалық негізде бағаланады.

91. Тәуекелдер тізілімінде жүйеленген барлық сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер тәуекелдер картасында көрсетіледі. Тәуекелдер картасы әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын (басқа тәуекелдермен салыстырғанда) бағалауға, сондай-ақ критикалық болып табылатын және оларды басқару бойынша іс-шаралар әзірлеуді талап ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

92. Қоғам тәуекелдерін кешенді сәйкестендіру және бағалау Қоғамның тиісті ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

93. Қоғам жекелеген тәуекелдерді VAR, гәп-талдау, тарихи симуляциялау әдісі, стресс-тестілеу, тәуекелдердің негізгі индикаторлары (ТНИ) және тағы басқа сияқты әртүрлі сандық әдістерді пайдалана отырып бағалауды жүргізеді.

10-тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалаудың ішкі критерийлері

94. Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды Ішкі аудит қызметі жүргізеді. Тәуекелдерді басқару жүйесі тиімділігінің критерийлері ретінде келесі көрсеткіштер танылуы мүмкін:

- 1) тәуекелдерді басқару процестерін ұйымдастыру;
- 2) тәуекелдерді анықтау;
- 3) тәуекелдерді бағалау;
- 4) тәуекелдерді басқару;
- 5) мониторинг.

11-тарау. Тәуекелдерді басқару

95. Қоғам тәуекелге ден қою әдістерін айқындайды және Қоғамның тәуекел-тәбетімен келісілген тәуекелдерді басқару жоспарын әзірлейді.

96. Тәуекелдерді басқару – бұл жағымсыз әсерді және шығындар ықтималдығын азайтуға немесе Қоғам қызметінің тәуекелдеріне байланысты шығындар орын алған кезде қаржылық өтемақы алуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесі. Процестің тиімділігін қамтамасыз ету және оны іске асыруға жұмсалатын шығындарды азайту үшін Қоғам оның қаржылық жағдайына және мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуіне неғұрлым маңызды әсер етуі мүмкін тәуекелдерге назар аударуы тиіс.

97. Қалдық тәуекелдің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерге ден қою әдістерін таңдау және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу келесі ден қою стратегияларын қамтиды:

1) тәуекелдерді азайту және бақылау – ескерту іс-шараларын пайдалану және тәуекел іске асырылған жағдайда іс-қимылдарды жоспарлау арқылы тәуекелге әсер ету, бұл ықтимал шығындар деңгейін төмендету мақсатында тәуекелдің іске асырылу ықтималдығы дәрежесін азайту жағына қарай өзгертуді және тәуекелдің туындау себептерін немесе іске асырылу салдарын өзгертуді қамтиды;

2) тәуекелді ұстап тұру/қабылдау – бұл оның деңгейі Қоғам үшін қолайлы екенін және Қоғам оның көріну мүмкіндігін қабылдайтынын білдіреді, сондай-ақ оны азайту бойынша іс-шаралар қолданылғаннан кейін қалдық тәуекелді қабылдау мүмкін;

3) тәуекелдерді қаржыландыру – жауапкершілік пен міндеттемелерді бөлуге мүмкіндік беретін әртүрлі механизмдерді (келісімшарттар, сақтандыру келісімдерін жасасу, құрылымды анықтау) пайдалануды қоса алғанда, тәуекелді басқа тарапқа беру/бөлісу немесе тәуекелді ішінара беру;

4) тәуекелден кету (жалтару)/тәуекелді болдырмау – тәуекелдің туындау көзі болып

табылатын іс-қимылды жалғастыруға немесе қабылдауға қарсы шешім қабылдау арқылы;

5) кейінгі әсер ету – тәуекел оқиғасының іске асырылу салдарына әсер етуді көздейтін стратегия. Әдетте бұл стратегия басқарылу деңгейі төмен және/немесе іске асырылу ықтималдығы төмен тәуекелдерге қатысты қолданылады. Стратегияның бұл түрі сақтандыруды, тәуекелдерді хеджирлеуді, сондай-ақ төтенше іс-шаралар жоспарларын, бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын әзірлеуді қамтуы мүмкін.

98. Тәуекелдерді азайту және бақылау келесілерге бағытталған іс-шараларды білдіреді:

1) шығындардың алдын алу – белгілі бір тәуекелдің (шығынның) орын алу ықтималдығын азайту;

2) шығындарды бақылау – тәуекел орын алған жағдайда шығын көлемін азайту;

3) әртараптандыру – тәуекелдің әлеуетті әсерін төмендету мақсатында оны бөлу.

99. Тәуекелдерді азайту және бақылау әдістері Қоғамда шығындардың орын алу мүмкіндігін азайтуға бағытталған рәсімдер мен процестерді енгізуді көздейді.

100. Қоғамның қаржылық тәуекелдерін азайту және бақылау әдістері Қоғамның тәуекел түрлері бойынша лимиттерді белгілеу тәртібі мен есептеулерін реттейтін ішкі құжаттарына сәйкес қабылданатын тәуекел деңгейіне лимиттер белгілеуді қамтиды.

101. Қоғамның құқықтық тәуекелдерін азайту және бақылау әдістері Қоғамның құқықтық қамтамасыз етуге жауапты ҚБ/Комплаенс-қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасындағы өзгерістерге мониторинг жүргізуі болып табылады, олар мүдделі ҚБ-мен бірлесіп өзгерістердің Қоғам қызметіне әсерін бағалайды және оларды қабылдау үшін қажетті шараларды әзірлейді. Қоғамның ішкі рәсімдерін реттейтін немесе соған сәйкес Қоғамда міндеттемелер туындайтын кез келген құжат міндетті сараптамадан өтуі тиіс.

102. Қоғамның стратегиялық тәуекелін азайту және бақылау бекітілген қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлар мен стратегиялардың орындалуына мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша түзету шаралары, соның ішінде ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді көрсету үшін қабылданады.

103. Қоғамда операциялық тәуекелдерді азайту және бақылау белгіленген бизнес-процестерге талдау жүргізу және Қоғамның операциялық тәуекелдерін басқаруды реттейтін құжаттарға сәйкес оларды жетілдіру бойынша тиісті іс-шаралар жоспарларын әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.

104. Егер тәуекелдерді азайту және бақылау бойынша қолданылатын әдістер Қоғамның шығыстарымен байланысты болса және бұл шығыстар елеулі болса, келесі талдау жүргізіледі:

1) бұл іс-шаралар қаншалықты қажет және олар тәуекелдерді ұстап тұру және/немесе қаржыландыру (ауыстыру) есебінен төмендетілуі мүмкін бе;

2) іс-шараларға жұмсалатын шығындардың баламалы құны тәуекелдерді ұстап тұру/ауыстыру құнымен салыстырғанда қандай.

105. Тәуекелдерді ұстап тұру. Негізгі тәуекелдерді анықтау және бағалау барысында Қоғамның тәуекелдің жол берілетін деңгейін көрсететін тәуекел-тәбеті есептеледі. Бұл ретте тәуекелге төзімділік анықталады, яғни бұл Қоғам өз қызметіне елеулі нұқсан келтірмей қабылдауға қабілетті тәуекелдер деңгейі.

106. Тәуекелдерді қаржыландыру (ауыстыру) келесі құралдарды қамтиды:

1) сақтандыру («таза» тәуекелдер үшін – орын алуы тек шығындарға әкеп соғатын және табыс алуға әкелмейтін тәуекелдер);

2) хеджирлеу («спекулятивтік» тәуекелдер үшін – іске асырылуы шығындарға да, табыстарға да әкелуі мүмкін тәуекелдер);

3) келісімшарт бойынша тәуекелді ауыстыру (тәуекел үшін жауапкершілікті қосымша сыйақы немесе келісімшарт құнының тиісті өсуі үшін контрагентке ауыстыру);

4) шартты кредиттік желі – белгілі бір оқиғалар орын алған кезде келісілген шарттармен банктік қаржыландыруға қолжетімділік;

5) тәуекелдерді қаржыландырудың басқа баламалы әдістері.

107. Бұл құралдардың негізгі айрықша белгісі тәуекел үшін «төлемнің» болуы болып табылады, бұл, сәйкесінше, Қоғамның шығыстарын азайту мақсатында бұл құралды оңтайлы қолдануды талап етеді.

108. Тәуекелден кету/болдырмау Қоғам үшін ықтимал жағымсыз салдарға әкелетін операцияларды тоқтатуға немесе оларды жүзеге асырудан бас тартуға бағытталған іс-қимылдарды қамтиды.

109. Ең қолайлы опцияны таңдау белгілі бір әдіспен байланысты шығындарды оны пайдалану әкелетін артықшылықтармен және басқа да тікелей және жанама шығындармен теңгерімдеуді ескере отырып жүзеге асырылады.

110. Тәуекелдерге ден қоюдың тиісті шаралары мен әдістерін қолдану тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарында сипатталады. Бұл жоспар қажетті іс-қимылдар тізбесін және жауапты орындаушыларды қамтиды.

111. Қоғам жүргізетін барлық қазынашылық операциялардың негізгі қаржылық принциптері басымдық тәртібімен мыналар болып табылады:

1) қауіпсіздік (қаражаттың сақталуы) – соның ішінде Қоғамның ақшаны басқару процесіне жататын тәуекелдерді басқару бойынша ішкі құжаттарын сақтауды көздейді;

2) өтімділік (активтерді ең қысқа мерзімде ақшалай қаражатқа айналдыру мүмкіндігі);

3) кірістілік (осы Саясатпен анықталған қауіпсіздік және өтімділік принциптерін сақтаған жағдайда алуға болатын ең жоғары табыс).

112. Қауіпсіздік және өтімділік принциптері кірістілік принципінен басым болады.

113. Қаржылық инвестициялаудың қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында, Қоғам инвестициялық тәуекел деңгейін төмендету критерийлері бойынша уақытша бос өтімділік портфельдерін қалыптастырады, бұл ретте Қоғам бос өтімділіктің қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де портфельдерін қалыптастыра алады.

114. Ақшалай қаражатты орналастыру Қоғамның уәкілетті органымен бекітілген ішкі құжаттарына, сондай-ақ ТБЖ бойынша НҚА-ға сәйкес белгіленген лимиттер мен шектеулерді сақтай отырып жүзеге асырылады.

115. Сақтандыру, қайта сақтандыру және кепілдік беру бойынша қабылданатын тәуекелдерді лимиттеуді Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

116. Ақшалай қаражатты орналастыруға арналған лимиттердің сақталуын бақылауды қазынашылық операцияларды жүзеге асыратын ҚБ және ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ жүзеге асырады. ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ Холдингке ақшалай қаражатты орналастыру кезіндегі максималды лимиттердің сақталуы бойынша ай сайынғы есептілікті ұсынады.

117. Сақтандыру, қайта сақтандыру және кепілдік беру шарттарын жасасу туралы шешімдер қабылдау бойынша алқалы органдардың белгіленген лимиттерінің орындалуын бақылауды ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ жүзеге асырады. Мәмілеге/операцияға бастамашылық жасайтын ҚБ белгіленген лимиттердің сақталуына жауапты. Андеррайтингке жауапты ҚБ андеррайтингке жауапты ҚБ-на белгіленген лимиттер шеңберінде лимиттердің сақталуына жауапты.

118. Қоғам ақшалай қаражатты орналастыру шеңберінде белгіленген лимиттерден асқан жағдайда, Қоғамның ақшалай қаражатты орналастыру және басқару тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес іс-шаралар қабылданады.

119. Қоғам сақтандыру, қайта сақтандыру және кепілдік беру шарттары бойынша белгіленген лимиттерден асқан жағдайда, ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ бұл мәселені Қоғам Басқармасының отырысына шығарады, онда белгіленген лимиттерден асуды реттеу бойынша одан арғы іс-қимылдар туралы шешім қабылданады.

120. Холдинг пен Қоғамды жедел қорландыруды қамтамасыз ету мақсатында, Холдинг пен Қоғам арасында қаржыландыру беру және кепілдіктер шығару арқылы қаржы ресурстарын қайта бөлу мүмкіндігі көзделеді. Көрсетілген қаржыландыру және кепілдіктер беру, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Холдинг пен Қоғамның

жарғыларында өзгеше көзделмесе, лимиттер мен шектеулер белгіленбей жүзеге асырылады.

121. Шетел валютасымен спекулятивтік операцияларға, яғни қаржы-шаруашылық/негізгі қызметке негізделмеген шетел валютасымен операцияларға қатаң тыйым салынады.

122. Валюталық тәуекелдерді азайту мақсатында, Қоғам туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу арқылы хеджирлеуді жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырып, бұл мәселені Қоғамның уәкілетті органының қарауына шығара алады.

123. Қоғам міндеттемелерін тиімді басқару мақсатында Қоғамның жауапты бөлімшелері келесі мониторингті жүзеге асырады:

1) уақытша игерілмеген қарыз қаражаттары көлемінің өтімділігін және қорландыру базасын қамтамасыз ету үшін өтімді құралдарды пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында қарыз алу түрлеріне мониторинг және талдау жүргізу;

2) өтімділік тәуекелін, сондай-ақ пайыздық, валюталық және басқа да тәуекелдерді анықтау мақсатында активтер мен міндеттемелердің ағымдағы жай-күйіне, басқа да көрсеткіштерге мониторинг жүргізу.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 13 наурыздағы шешіміне (№13 хаттама) сәйкес 124-тармақ (құжаттағы реттілігі бойынша 30-тармақ) жаңа редакцияда мазмұндалды:

124. Аффилірленген тұлғалармен іскерлік қатынастар орнатқан кезде комплаенс-тәуекелдерді азайту мақсатында, ішкі құжаттарда көзделген тәртіппен аффилірленген тұлғалардың тізілімдері қалыптастырылады.

125. Қоғам, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғам жарғысында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерінде өзгеше көзделмесе, Қоғамды қаржыландыруды және Қоғамның міндеттемелері бойынша кепілдіктер беруді қоспағанда, жеке және заңды тұлғаларды қаржыландыруды және оларға кепілдіктер беруді жүзеге асырмайды.

12-тарау. Бақылау іс-қимылдары

126. Негізгі тәуекелдер мен тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар айқындалғаннан кейін осы тәуекелдерге ұшырайтын негізгі бизнес-процестер анықталады. Тиісті бақылау іс-қимылдарын енгізудің қажеттілігі мен орындылығын анықтау үшін бизнес-процестерге кезең-кезеңімен талдау жүргізіледі. Сонымен қатар, тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған іс-шараларға талдау жүргізіледі, мұндай іс-шаралардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті бақылау іс-қимылдары және (немесе) көрсеткіштер айқындалады. Көбінесе бақылау іс-қимылдарының өзі тәуекелді басқару әдісі болып табылады.

127. Бақылау іс-қимылдары — бұл тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге көмектесетін саясаттар мен рәсімдер. Бақылау іс-қимылдары Қоғамның барлық деңгейлеріндегі бизнес-процестерге енгізілген. Бақылау іс-қимылдары мақұлдау, авторизациялау, верификациялау, келісу, операцияларды жүргізуді талдау, активтердің қауіпсіздігі және міндеттемелерді бөлу сияқты шаралардың кең ауқымын қамтиды.

128. Бизнес-процестерге талдау жүргізу және қосымша бақылау іс-қимылдарын енгізудің қажеттілігі мен орындылығын анықтау үшін жауапкершілікті тәуекел иелері — Қоғамның тиісті ҚБ басшылары, ҚБ-на кірмейтін қызметкерлер көтереді. ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ бақылау рәсімдерін әзірлеу және енгізу кезінде бизнес-процестердің иелері мен қатысушыларына әдіснамалық қолдау көрсетеді.

129. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау нәтижелері Басқарма мен Қоғамның Директорлар кеңесіне, сондай-ақ тиісті комитеттерге критикалық тәуекелдер туралы ақпаратты, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, қолданыстағы іс-

шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды қамтитын тәуекелдерді басқару жөніндегі есеп түрінде ұсынылады.

130. Қоғамда тәуекелдер бойынша тұрақты есептілік негізінде ағымдағы тәуекелдерге және тәуекелдерге ден қою шараларының орындалуына бақылау жүргізіледі.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 13 наурыздағы шешіміне (№13 хаттама) сәйкес 131-тармақ (құжаттағы реттілігі бойынша 6-тармақ) жаңа редакцияда мазмұндалды:

131. Қоғам қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары басқару немесе ішкі бақылау рәсімдерінің немесе басқа да саясаттардың бұзылуы немесе дұрыс орындалмауы, сондай-ақ алаяқтық, Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзу жағдайлары туралы Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне немесе Қоғамның Директорлар кеңесіне құпия түрде мәлімдеуге құқылы.

13-тарау. Ақпарат және коммуникация

132. ТБЖ-ның әрбір компонентін іске асыру процесінде Қоғамның ҚБ арасында ақпарат алмасу қамтамасыз етіледі. ТБЖ шеңберінде дайындалған барлық материалдар мен құжаттар өз ескертулері мен ұсыныстарын енгізетін мүдделі ҚБ-мен келісуден өтеді. Директорлар кеңесінің қарауына жылына кемінде бір рет: Қоғамның тәуекел-тәбеті бойынша ұсыныстар, негізгі тәуекелдерді талдау және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары ұсынылады.

133. Қоғамдағы ақпарат және коммуникация тәуекелдерді басқару процесіне қатысушыларды тәуекелдер туралы сенімді және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, тәуекелдер, оларға ден қою әдістері мен құралдары туралы хабардарлық деңгейін арттырады. Тиісті ақпарат қызметкерлерге өз функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік беретін нысанда және мерзімде айқындалады, тіркеледі және ұсынылады.

134. Қоғамның ҚБ, сондай-ақ ҚБ-на кірмейтін қызметкерлер тұрақты түрде мониторинг жүргізеді және ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ-ны орын алған шығындар туралы хабардар етеді. Осындай әрбір жағдай бойынша шығындардың туындау себептеріне талдау жүргізіледі және болашақта осындай инциденттердің алдын алу бойынша шаралар қабылданады (іске асырылған және әлеуетті тәуекелдер бойынша деректер базасы).

135. Қоғам серіктестерге, кредиторларға, сыртқы аудиторларға, рейтингтік агенттіктерге және басқа да мүдделі тараптарға (соның ішінде жылдық есеп құрамында) тәуекелдерді басқару бойынша ақпаратты жеткізеді, бұл ретте ашылатын ақпараттың егжей-тегжейлі дәрежесінің Қоғам қызметінің сипаты мен ауқымына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жылдық есепте негізгі тәуекелдер бойынша маңыздылық дәрежесі, негізгі тәуекелдерді басқаруға және азайтуға бағытталған іс-шаралар ашылады.

14-тарау. Мониторинг

136. Қоғамда ТБЖ тиімділігіне (тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы әдістері мен бақылау құралдарын қоса алғанда) мониторинг және қажеттілігіне қарай оны модификациялау мен жетілдіру жүзеге асырылады. Мониторинг тұрақты негізде жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

137. Қоғам өз тәуекелдеріне мониторингті және оларды бақылауды Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасы өз құзыреттеріне сәйкес белгілеген негізгі принциптерге, саясаттарға, қағидалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

138. ТБЖ мониторингі бүкіл бизнес-процестің маңызды бөлігі болып табылады және мұндай жүйенің болуын да, оның компоненттерінің іске асырылуын да бағалайды. Мониторинг тәуекелдерді басқару жүйесінің саясатын, рәсімдері мен іс-шараларын орындауды тұрақты қадағалау және нысаналы тексерулер арқылы жүзеге асырылады. Нысаналы тексерулердің ауқымы мен жиілігі тәуекелдерді бағалауға және тұрақты

мониторингтің тиімділігіне байланысты болады. ТБЖ кемшіліктері Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасының назарына жеткізілуі тиіс.

139. Қоғамның ТБЖ тиімділігі ішкі және/немесе сыртқы аудиторлар немесе тәуелсіз сарапшылар жүргізген тәуелсіз тексерулердің нәтижелерімен расталады.

140. Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын және ТНИ-ді бекіткеннен кейін, ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ әрбір іс-шараның орындалу мерзімдеріне сәйкес іс-шаралардың орындалуына бақылауды және ТНИ-дің нақты мәніне мониторингті (ағымдағы ТНИ-дің шекті мәнге жақындауы не оның бұзылуы) жүзеге асырады.

141. ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ тоқсан сайын Қоғам Басқармасына тәуекелдерді басқару бойынша есеп ұсынады. Басқарма тоқсан сайын Қоғамның Директорлар кеңесі жанындағы тиісті комитетте алдын ала қаралғаннан кейін, Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару бойынша есепті ұсынады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 13 наурыздағы шешіміне (№13 хаттама) сәйкес 142-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалды:

142. Тәуекелдерді басқару бойынша есепте кем дегенде мыналар болуы тиіс:

1) тәуекелдер тізілімі (анықталған тәуекелдер; ағымдағы қызметті жүргізу процесінде туындауы мүмкін тәуекелдер), тәуекелдер картасы және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;

2) тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылуы туралы ақпарат (тәуекелдерді азайту, болдырмау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс);

3) тәуекелдер портфеліне елеулі әсер етуі мүмкін тәуекелдердің негізгі индикаторлары туралы ақпарат;

4) іске асырылған тәуекелдер бойынша ақпарат;

5) тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары (бар болса);

6) тәуекелдерді басқарудың белгіленген процестерінен елеулі ауытқулар туралы ақпарат (егер орын алса);

7) Қоғам бекіткен қаржылық тәуекелдер лимиттерінің сақталмауы туралы ақпарат (егер орын алса);

8) тәуекелдерді басқару саласындағы реттеуші талаптардың сақталуы туралы ақпарат (олар бар болса);

9) Қоғамның уәкілетті органдары бекіткен қаржылық тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқару жөніндегі қағидаларға сәйкес қаржылық тәуекелдер бойынша есеп;

10) болжамды жылға арналған тәуекел-тәбет (жылына бір рет), тоқсан сайын түзетілген тәуекел-тәбет (қажет болған жағдайда);

11) есепті кезеңдегі қаржылық көрсеткіштерге қысқаша талдау;

12) тәуекелдерді басқару жүйесінің барабарлығы мен тиімділігі.

143. ТБЖ-ның ішкі аудиті және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесіндегі кемшіліктерді жою жөніндегі жоспарлардың орындалуын тексеру Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Ішкі аудит қызметінің аудиторлық жоспарына сәйкес жүргізіледі. Ішкі аудит ішкі аудит жүргізу процесін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

15-тарау. Тәуекел-мәдениет

144. Тәуекел-мәдениет тәуекелдің мәнін түсінуден, оның түрлері туралы хабардар болудан, ТБЖ-ның барлық деңгейлерінде Қоғамдағы тәуекелдерді басқару процестерінің маңыздылығын сезінуден тұрады.

145. Қоғамда тәуекел-мәдениеттің болуы мыналарды көздейді:

1) ТБЖ мәселелері бойынша Қоғам басшылығы тарапынан қолдау көрсету және ТБЖ маңыздылығын түсіну;

2) Қоғам қызметкерлерінің өз құзыреті шеңберінде тәуекелдерді басқару мәселелері

бойынша кәсібилігі;

3) Қоғам қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін жауапкершілігі;

4) қызметкерлердің тәуекелдер деңгейі және оларды төмендетудің ықтимал шаралары туралы хабардар болуы;

5) есептілік жүйесінің болуы.

146. Қоғамның тәуекел-мәдениетін осы Саясаттың 145-тармағында (құжаттағы реттілігі бойынша 2-тармақ) аталған критерийлерге сәйкес келтіру мақсатында келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

1) Қоғамның басшылығы, ҚБ басшылары мен қызметкерлері шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді басқару мәселелеріне тиісті назар аударады;

2) Қоғамның ҚБ қызметкерлері мен басшы қызметкерлері тәуекелдерді басқару саласында жүйелі түрде оқудан өтеді;

3) Қоғам қызметкерлері ТБЖ жұмыс істеу принциптерімен міндетті түрде танысады.

147. Тәуекел-мәдениетті енгізу және осы Саясаттың ережелерін іске асыру үшін жауапкершілік Қоғам Басқармасына жүктеледі.

148. Осы Саясаттың сақталуын бақылау және оған жауапкершілік өздерінің лауазымдық міндеттеріне сәйкес ТБЖ үйлестіруге жауапты ҚБ басшысына және Қоғамның ҚБ басшыларына жүктеледі.

149. Осы Саясат қажеттілігіне қарай кезең-кезеңімен қайта қаралуға тиіс және оны Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

16-тарау. Қорытынды ережелер

150. Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен енгізіледі.

151. Осы Саясатта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, соның ішінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен, Қоғам Жарғысымен және өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

«Қазақстанның Экспорттық-
кредиттік агенттігі» АҚ тәуекелдерді
басқару жөніндегі саясатына
Қосымша

Тәуекел-тәбет нысаны

Компонент	Метрика	Лимит	Нысаналы деңгей
1-компонент	1-метрика		
	...		
	N-метрика		
...	1-метрика		
	...		
	N-метрика		
N-компонент	1-метрика		
	...		
	N-метрика		

Лист согласования

Шабарбаева
Лейла
Галымжановна

Директор Департамента
Департамент по управлению
рисками

Подписано

